

**Акциялардың мемлекеттік пакеттерін қор рыногына орналастыру жөніндегі инвестициялық тендердің жеңімпаздарымен келіссөздердің нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 наурыздағы N 247

Акциялардың мемлекеттік пакеттерін қор рыногына орналастыру жөніндегі инвестициялық тендердің жеңімпаздарына өкілеттіктер мандаттарын беру жөніндегі келіссөздердің нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Global Menkul Degerler A/S/. Santander Investment Securities Capital LTD. "Kaskommerts Securities" акционерлік қоғамының құрамындағы консорциумның арасындағы "Ақтөбемұнайгаз" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін орналастыру жөніндегі келісімнің ш а р т т а р ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі О.С.Ержановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан акциялардың мемлекеттік пакеттерін қор рыногына орналастыру жөніндегі келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Инвестициялық банктермен келіссөздер жүргізу жөніндегі тендерлік комиссия: Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Инвестициялық банктердің және компаниялардың арасындағы "Маңғыстаумұнайгаз", "Жезқазған түсті металл", "Қазақтелеком" ҰАК акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін орналастыру жөніндегі келісімді дайындауды жеделдетсін;

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін орналастырудың баламды нұсқаларын қарасын.

4. "Инвестициялық тендердің нәтижелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 қарашадағы N 1588

P971588\_

қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

инвестициялық банктермен келіссөздер жүргізу жөніндегі тендерлік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

О.С.Ержанов - Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі,

комиссияның төрағасы болып

С.Ғ.Айымбетов - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі Мемлекеттік  
мүлік және жекешелендіру  
департаментінің бөлім бастығы

Б.С.Тойбазаров - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің басқарма  
бастығы.

А.С.Павлов, Е.Ә.Өтембаев, О.Ә.Жандосов, С.М.Мыңбаев, В.В.Соболев  
көрсетілген құрамнан шығарылсын.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан  
Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі